


Бекітемін  
Мартбек Мамыраев атындағы  
мектеп-интернаты директоры  
  
А.Б.Божбанова  
« 02 » 09 2025ж.

### Интернат ережелері (Ата-аналар үшін)

1. Әлеуметтік қорғалмаған отбасының балалары интернатта тұруға құқығы бар.
  2. Ата-аналар баланың жеке басын растайтын құжаттарын толық уақытында әкелуі керек.
  3. Тәрбиеленушілер интернаттың ережесі мен күн тәртібін міндетті түрде орындауы керек.
  4. Интернатта тұратын тәрбиеленушілер мемлекет мүлігінің сақталуына жауапты. Заттар сынған немесе жоғалған жағдайда, балалардың ата – аналары 10 күннің ішінде мүлікті орнына қайтаруы тиіс.
  5. Ата – аналар уақытында әкелуге міндетті:
    - а) баланы каникулдан кейін уақытында сабаққа әкелуге;
    - ә) ауырудан кейінгі жағдайы туралы жазылған медициналық анықтама әкелуге, медициналық анықтамасыз, оқушыны интернатта қалдыруға рұқсат жоқ.
    - б) гигиеналық заттар әкелуге (дәретхана қағазы, сабын, салфетка, тіс пастасы, щетка, бет орамал, тарақ...)
    - в) киімдер:
      - жыл мезгілдері бойынша сыртқы киімдері;
      - мерекелік шараларға киетін (ақ көйлек, шұлық, қара туфли, ақ бантик, қара галстук...);
      - күнде киюге арналған мектеп формасы, интернат ішінде киетін киімдер;
      - спорттық киімдер.
  6. Ауырып тұрған баланы ата-ана үйіне алып кетеді.
  7. Интернатта тұратын оқушылардың тамағының төлемін 20% шамасында уақытылы, әр айдың 10 – на дейін төленуі тиіс.
  8. Интернатқа қымбат эшекейлер, ақша, ұялы телефон, компьютерлік техниканы әкеліп, қолдануға тыйым салынады.
  9. Жатын бөлмелерге ата – аналардың баруына үзілді – кесілді тыйым салынады.
  10. Әр ата-ана баланы интернатқа жіберерден бұрын жеке бас гигиенасына, оқу-құрал жабдықтарының түгел болуына қатаң назар аударуы керек.
  11. Оқушының жеке басының дамуы мен тәрбиесіне көмек қажет болған уақытта ата-аналар мен тәрбиешілер бірлесе шешіп, көмек көрсетуі керек.
  12. Ата-ана үшін бала тәрбиесінде қиындықтар туған жағдайда педагог мамандар көмек көрсетеді.
  13. Жұма күндері баланы интернаттан сағат 20.00-ге дейін алып кету керек.
  14. Бала сабаққа келмеген жағдайларда уақытында тәрбиешіге немесе сынып жетекшіге хабарлау керек.
  15. Келеңсіз жағдайлар болса бірінші мектеп-интернаты әкімшілігіне хабарласу керек.
- Осы Ереже бекітілгеннен кейін барлық қызметкерлер, ата-аналар, оқушылар ереже талаптарын орындауға міндетті.
- Барлық қызметкерлер, ата-аналар, оқушылар және жаңадан қабылданған қызметкерлер осы Ереже бекітілгеннен кейін міндетті түрде қолы қойылып таныстырылады.
- Осы Ереже Мартбек Мамыраев атындағы мектеп-интернатының ішкі құжаты болып есептелінеді және ісжүргізу бөлімінде сақталады. Ішкі еңбек тәртібінің Ережелерінің орындалуын бақылау мектеп әкімшілігі және кәсіподақ бірлестігіне жүктеледі.

Директордың орынбасары



К.К.Махметова